ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ
АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ
БАСШЫСЫ

РУКОВОДИТЕЛЬ
АППАРАТА АКИМА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

БҰЙРЫҚ

2026 жыл 06 қаңтар
Үшарал қаласы

ПРИКАЗ

№ 3
город Ушарал

Алакөл ауданы әкімі аппаратының ғимаратына және аумағына күзет қызметін бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 509-тармақтарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Алакөл ауданы әкімі аппаратының ғимаратына және аумағына күзет қызметін сатып алу бойынша 16-баптың 3-тармағының 35) тармақшасын негізге ала отырып, тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Алакөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жалпы бөлімшесінің есепші бас маманы Ж.Кабенова:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Алакөл ауданы әкімі аппаратының басшысы **Д. Сатыбалдиев**

РАСТАЙМЫН
КОПИЯ ВЕРНА

000044

Көрсетілсін

Алакөл ауданы әкімі аппаратының басшысы
Д. Сатыбалдиевке

"Алакөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жалпы бөлімшесінің есепші бас маманы
Ж. Кабеновадан

Үшарал қ.
2026 ж. 06 қаңтар

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Тапсырыс берушінің қызметін үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға және тиісті шарт заңды күшіне енгенге дейінгі кезеңге күнделікті және (немесе) апталық қажеттілікті қамтамасыз ету үшін Алакөл ауданы әкімі аппаратының ғимаратына және аумағына күзет қызметін бір көзден алу тәсілімен сатып алу қажеттілігі туындап отыр.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ 16-бабы 3-тармағының 35) тармақшасы, оған сәйкес уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды қорытындылар шығарылғанға және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңде, тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, сатып алу рәсімін өткізу мерзіміне қажетті көлемнен аспайтын, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыруға жол беріледі.

Жоспарланып отырған сатып алу көлемі белгіленген шекті мөлшерден аспайды және мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталғанға дейін "Алакөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ағымдағы қызметін қамтамасыз ету үшін ғана көзделіп отыр.

Осыған байланысты, Алакөл ауданы әкімі аппаратының ғимаратын және аумағын күзету қызметін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға келісуіңізді сұраймын.

"Алакөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі жалпы бөлімшесінің есепші бас маманы **Ж. Кабенова**

РАСТАЙМЫН
КОПИЯ ВЕРНА